

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарлату туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/282 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 04 тамызда № 2795 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2022 жылғы 12 сәуірдегі № 14/137 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 12.04.2022 № 14/137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" кодексіне және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қарақия аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспесі- жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.03.2018 № 16/184 шешімімен(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Қарақия ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.

Ескерту. 1 тармақ- жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 29.03.2019 № 28/297 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарақия аудандық мәслихатының экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрағасы Е.Есенқосов).

3. "Қарақия аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Е. Есенқосов

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

А.Мееров

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қарақия ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

Абилов Баймұрат

29 маусым 2015 жыл.

"Қарақия аудандық жер қатынастары

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

Төлегенов Әбдіхалық

29 маусым 2015 жыл.